Бекітемін
«Балауса» бөбекжай балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші: А.М Жанекешова

Қаралды:
«Балауса» бөбекжай балабақшасы»
Әдіскер: Ж.Ж Сағызбаева

# *Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары*

## *Ересек «Ақбота» тобы*

***Тәрбиешілер: Тобылова А***
***Алжанова З***

***2024-2025 оқу жылы***

Бекітемін:

«Балауса» бөбекжай -балабақшасының

меңгерушісі: А.М. Жанекешова

_____________ 2024 ж

## 2024-2025 оқу жылына арналған ересек «Ақбота» тобының ата –аналарымен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

| Р/с | Іс – шаралар тақырыбы | Өткізілу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек**<br>1. Жаңа 2024-2025 оқу жылының мақсат міндеттерімен таныстыру.<br>2. Балабақшамен қоштасу туралы жоспар | Ата -аналар жиналысы<br><br>Пікірлерін тыңдау | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б<br>Психолог :<br>Жұмабаева Г.М |
| 2 | **Қазан**<br>1. «Жомарт күз» мерекесі<br>2. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары | Көрме ұйымдастыру | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б<br>Медбике :<br>Аймұратова Г.Б |
| 3 | **Қараша**<br>1. Таным аймағын жаңарту.<br>2. Қолөнер | Ата -ана,бала | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 4 | **Желтоқсан**<br>1. Ата -аналарға арналған кеңестер<br>2. Бірінші жарты жылдықтың мақсат - міндеттері б/а балаларды ақыл -ой белсенділігін арттыру арқылы көрме ұйымдастыру.<br>3. Жаңа – жылдық сыйлықтар | Ата -аналар жиналысы | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 5 | **Қаңтар**<br>1. «Дені саудың -жаны сау» мәдени гигиеналық шара<br>2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері | Ата -ана,бала | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 6 | **Ақпан**<br>1. Бала тәрбиесіндегі ата-ана ролы<br>2. Тәрбие отбасынан басталады | Дөңгелек үстел (онлайн) | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 7 | **Наурыз**<br>1. Тәрбие тірегі – халық мұрасы<br>2. Қазақтың ою-өрнектері | Көрме | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 8 | **Сәуір**<br>1. Табиғатты аялайық<br>2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер | Балалармен бірлескен жұмыс | Топ тәрбиешілері;<br>Тобылова А.О<br>Алжанова З.Б |
| 9 | **Мамыр**<br>1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.<br>2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды | Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру.<br>Ата – аналар жиналысы | Медбике :<br>Аймұратова Г |

***Ата –аналар жиналысы***

1. ***Жаңа 2024-2025 оқу жылының мақсат міндеттерімен таныстыру***
2. ***Ата –анамен бала арасындагы қарым қатынас (Баяндама)***
3. ***Күн тәртібі, денсаулық, тазалық***
4. ***Жомарт күз қолөнер жасау***
5. ***Ата аналарға кеңес . Сұрақ жауап***
6. ***Додокаэдрмен ойын***

***2024-2025 оқу жылының мақсаты:***

1. ***Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды физикалық дағдысын дамыту.***
2. ***Тәрбиеленушілер қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс- әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау.***

3. ***Тобымызда 25 бала      13 ұл, 12 қыз бала***
   ***Тазалық денсаулықтары жайында сөйлесу.***

4. ***Күз мерекесіне қолөнер.***

   ***Қазақша кажекей киген ата аналарымыз Қамажай биімен ортаға билеп кіреді. Жайылған дастарханға жайғасып, ағымдағы мәселелерді талқылауға кірісеміз.***

   ***Баяндама оқылады, ары қарай талқылап ата аналар ойларын ортаға салады.***

   ***Додокаэдр ойынымен сұрақтарға жауап беріп ойларымен бөліседі. Жиналысты әдіскеріміз Сағызбаева Жансая қорытындылайды.***

**«Балауса» бөбекжай - балабақшасы**

***Баяндама***

# ***«Ата – анамен бала арасындағы тәрбие»***

***2024- 2025 оқу жылы***

## *Ата –анамен бала арасындағы тәрбие, қарым қатынас*

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамдағы ең ірі, маңызды мәселе болып тұр.
«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек.
Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен , теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға . Сондықтан әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір ата-ана балабақшаға келіп күнделікті өткізілетін іс-әрекеттерге қатысып отырса, меркелік ертеңгіліктерге атсалысып жүрсе, ол ата-ана баласының көпшілік ортада өзін қалай ұстайтынын, басқалармен қалай араласып, тіл табысуын, білім деңгейін зерттей алады. Сондай ақ өзінің берген тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына бір сәт көз жүгіртеді. Ата аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз баларының ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, балалармен қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па , үйде және балабақшада өзін калай ұстайтынын салыстырады . Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейлінше қызықты етіп өткізуіне мейлінше үлес қосу үшін тәрбие шараларына қатысып отырғаны нәтижесін берері сөзссіз. Ата-ана өзінің мінезі , дағдысы іс-әркеті арқылы балаға үлгі көрсетеді. «Жұмылы көтерген жүк жеңіл » дегендей, отбасы және балабақша бiрiге күш салып, бала болашағына зор үмітпен қарап , түзу жолға салуда ерінбей еңбектенсек, өте жақсы нәтижелерге қол жеткізетініміз айдан анық . Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті , сүйіспеншілікті , жүрек жылуын қажет етіп , ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды . Әрбір ата-ана – өзінің баласының алдында да , мемлекет алдында да жауапты .Балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынас , бірлік , ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін пайдасы тиімді болмақ .
Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру . Баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу.
Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп , баламен қарым-қатынастары жақсарады. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасауда тәрбиеші жұмысты әр түрлі бағытта жүргізіп , түрлі әдіс- тәсілдерді пайдаланғаны жөн

***«Балауса» бөбекжай – балабақшасы***

***Баяндама***

***Дені саудың -  жаны сау!***

***2024-2025***

*Дені саудың – жаны сау» – халқымыздың ұрпақ тәрбиесіне қатысты айтқан даналық сөзі. Бұл нақыл сөз адамның денсаулығы мықты болса, оның рухы да, ойы да сергек болатынын білдіреді. Сондықтан баланың денсаулығын сақтау мен нығайту – балабақша мен отбасының басты міндеттерінің бірі.*

*Балалық шақ – адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Дәл осы уақытта баланың дене бітімі қалыптасып, иммунитеті нығаяды және салауатты өмір салтының негізі қаланады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.*

*Денсаулықты нығайтудың негізгі бағыттары*

*1. Дұрыс күн тәртібі*

*Күн тәртібін сақтау баланың денсаулығын нығайтып, тәртіпке баулиды. Уақытылы тамақтану, ұйықтау, серуендеу және оқу іс-әрекеттері баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.*

*2. Дұрыс тамақтану*

*Баланың ағзасы дәрумендер мен пайдалы заттарға бай тағамдарды қажет етеді. Көкөністер мен жемістер, сүт өнімдері және құнарлы ас түрлері балалардың өсіп-жетілуіне көмектеседі.*

*3. Жеке бас гигиенасы*

*Гигиеналық дағдылар – денсаулық кепілі. Балаларға қолды жуу, тісті тазалау, таза киіну және ұқыптылық сақтау әдеттері күнделікті үйретіледі.*

*4. Қозғалыс белсенділігі*

*Таңертеңгі жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар мен таза ауадағы серуендер балалардың денсаулығын нығайтып, шыдамдылықтарын арттырады.*

*5. Шынықтыру шаралары*

*Шынықтыру баланың иммунитетін күшейтеді. Ауа, су және күн процедуралары денені шынықтырып, аурулардың алдын алады.*

*6. Психологиялық саулық*

*Баланың денсаулығы оның көңіл-күйімен тығыз байланысты. Мейірімді орта, қамқорлық пен сүйіспеншілік баланың рухани дамуына оң әсер етеді.*

*Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы*

*Баланың дені сау болып өсуі үшін тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығы маңызды. Үйде де, балабақшада да салауатты өмір салты сақталуы қажет.*

*Қорытынды*

*Қорыта айтқанда, денсаулық – адам өміріндегі ең басты байлық. Дені сау бала – елдің болашағы. Сондықтан әрқайсымыз балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға өз үлесімізді қосуымыз керек. Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі.*

„Ақбота" тобы

2024-2025 оқу жылы

Хаттама №1

Қатысқандар саны: 15
Дәлелді: 13.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылының 2024-2025 оқу жылғы мақсат міндеттері мен таныстыру
2. Балабақша тәртібі, балалар денсаулығы, тәртібі.

Баяндама:

Тақырыбы: Бала мен ана қарым-қатынас тәрбиесі.

Ойын: „Додоқадр"

5. Күз мерекесін жүргізу.

Ата-аналарда ынтымақ бірлігі тәрбие аясында қазақы бұйымдарды дәріптеу мақсатында қазақ нақыш заманауи бейнесін кіргіздік.
Ақ дастарханда қазақтың ұлттық тағамдары бауырсақ қуыру дәстүрлі мағын дәріптеп жоғары деңгейде көрсетті. Ата-аналарымыздың жаңалықтарды.

Одан кейін оқу жылының мақсат міндеттері: таныстырылып баяндама оқылды.

Сұрақ-жауап ата-аналармен ой бөлісумен айтты.

Балалардың күн тәртібінде үйде тәртіп тазалық тотығудан қалыптастыру. Тазалық ұстау, әдеп, әдеттерді үйрету.

Ата-аналарымызды сергіту мақсатында „Додоқадр" ойыны мен бірқатар білімін алды айтты.

Күз мерекесі туралы. Жиналған түрлі балаларды дайындау көрме сән сайысу. Ата-ананың қолдауы берілді.

Соңында жиналыс үшін көңілді отырыс аяқталды.
Ата-аналар риза!

Хаттама №2 13.12.2024

Қатысқандар: 13
Дәлелді: 12.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ата-аналарға кеңестер
2. Бірінші жарты жылдың тың мақсаты-міндеттері оға балалардың әдеп-әл бейімділік арттыру арқылы көрме ҰЖ
3. Жаңа жылға сыйлықтар.

Желтоқсан айында жоғары топтарға сәйкес ата-аналарға арналған жиналыс ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді:

Жиналыстың негізгі мақсаты: бірінші жартыжылдықтағы білім беру жұмыстарының қорытындысын таныстыру.

Балалардың өз-өзі белсенділігін арттыру жолдарын талдау болды.

Жиналыста бірінші жартыжылдықтағы нәтижелерін байланыста ұйымдастыру заң нормаларын таныстырып, жетістіктері көрсетілді.

Ата-аналар өзінің балаларының жұмыстарын көріп өз пікірлерін, ұсыныстарын білдірді.

Алда келе жатқан жаңа-жыл сыйлықтарын дайындау тапсырмасын ұйымдастыру ата-аналарына тапсырды.

Қорытынды:

Жиналыс жоғары деңгейде өтті. Қойылған мақсаттарға қол жеткізіп, ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық нәтиже берді.



Хаттама №3 30.04.2025

Қатысқандар саны: 18
Жоқ: 7

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына дайындау.
2. Жылдық есеп-баяндама қорытындысы.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес жазғы сауықтыру кезеңіне дайындау мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың негізгі мақсаты - балалардың жаз мезгіліндегі денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Атап айтқанда таза ауадағы серуендер, спорттық ойындар, шынықтыру шаралары, су процедуралары ос(ы) шаралары туралы мәлімет берілді:

Ата-аналарға балаларды жаз мезгіліне дайындау байланысты төмендегі кеңестер ұсынылды:

1. Жеңіл ауа өткізетін киім.
2. Бас киім мен күн көзілдірік алу.
3. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.